

Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 1 қарашадағы № 38 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 қарашада № 3448 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 тамыздағы № 94 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 21.08.2013 № 94 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі ««Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 20 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Ырғыз аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына төмендегі мөлшерде әлеуметтік көмек көрсетілісін:

Ай сайын I, II, III топтағы жалпы аурудан, бала кезінен, әскери борышын орындауға байланысты емес мертігу немесе ауыру салдарынан мүгедектікке душар болған мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға ай сайын - 3 0 0 0 теңге.

2. Азаматтардың жекелеген санаттарына мерекелік және естелік күндерге жыл сайын бір жолғы әлеуметтік көмектер: «9 май - Жеңіс күніне»;

ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне - 5000 теңге; соғыстан қайтпаған жауынгерлер жесірлеріне, ауған соғысына қатысушыларға және Чернобыль атом электростанциясындағы апат зардаптарын жоюға қатысушыларға - 2000 теңге;

«1 қазан – Халықаралық қарттар күніне» - базалық қосымша төлемді қоса есептегенде ең төменгі зейнетақы және ең төменгі зейнетақыдан төмен мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер мен облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлерге - 1 0 0 0 0 0 0 теңге;

«1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне» - кәмелеттік жасқа толмаған (18 жасқа дейінгі) балаларына атаулы әлеуметтік көмек алатын

отбасыларына - 20 000 теңге.

Туберкулезге қарсы мамандандырылған медициналық ұйымнан емделіп шыққан туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындарға амбулаториялық ем алу кезінде - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

3. Аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 176 «Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3-5-132 санымен тіркелген, «Ырғыз» газетінің 17 мамыр 2011 жылғы № 26-28 сандарында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:
Қ.Тілеуқабылов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы:
К.Қосаяқов